

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ АРАСЫНДА «КІТАП ОҚИТЫН УНИВЕРСИТЕТ» ПІКІРСАЙЫС ОЙЫНДАРЫН ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы регламент «Кітап оқитын университет» жобасы аясында жоғары оқу орындарының студенттері арасында оқылған кітаптар негізінде өтетін пікірсайыс ойындарын (бұдан әрі – Пікірсайыс ойындары) ұйымдастыру мен өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Пікірсайыстың мақсаты мен міндеттері:

- Студенттердің саналы түрде оқу, сыни және аналитикалық ойлау дағдыларын, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін дамыту.
- Пікірсайыс форматы арқылы өз ұстанымын дәлелдеу және қорғау машықтарын қалыптастыру.
- Топпен жұмыс істеу және көшбасшылық қасиеттерін дамыту.
- Студенттердің кітап оқуға, сыни және талдамалық ойлау қабілеттерін шыңдауға, ораторлық және дәйекпен сөйлеу дағдыларын дамытуға ынталандыру.

1.3. Жоба құрылтайшысы:

- «AMANAT» партиясы;
- «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры.

1.4. Іс-шараны ұйымдастырушылар:

- ЖОО әкімшілігі мен студенттік ұйымдар (университетішілік кезеңі);
- Қалалық Ішкі саясат және Жастар істері жөніндегі басқармасы (қалалық кезең);
- «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры.

1.5. Пікірсайыс ойындары қазақ және орыс лигаларында өткізіледі.

2. Қатысушылар

2.1. Жарысқа жоғары оқу орнының барлық мамандықтары мен курстарының студенттері қатыса алады.

2.2. Қатысу форматы:

- Университетішілік кезеңі: командалық (2 адам).
- Қалалық кезең: командалық (2 адам – университетішілік кезеңіндегі жеңімпаздар мен жүлдегелер).

3. Пікірсайыс ойындарын өткізу кезеңдері

Пікірсайыс ойындары екі кезеңде өтеді:

3.1. I кезең – университетішілік кезең

Білім беру мекемесінің барлық факультеттерінен кемі 8 команда қатысқан алдын ала іріктеме нәтижесінде таңдалған командалар қатысады.

Іріктеу форматы:

- Командалық пікірсайыс ойындары: командалар (2 адамнан құралған) парламенттік пікірсайыс ойындарына қатысады.

3. 2. II кезең – қалалық

Университетішілік кезеңіндегі жеңімпаздар мен жүлдегелер (әр ЖОО-дан 5 командаға дейін) арасындағы финалдық кезең.

Іріктеу форматы:

- Командалық пікірсайыс ойындары: Университетішілік кезеңіне ұқсас, бірақ тақырыптардың күрделілігі артады.

Нәтижесі бойынша жеңімпаз (1, 2 және 3 орын иеленген) командалар анықталып, сыйлықтар және медальдармен марапатталады.

Пікірсайыс ойындарын өткізу форматы

3.3. Пікірсайыс оқылған кітаптардың шығармашылық тақырыптары, бейнелері мен туындаған мәселелері негізіндегі талқылауларға сүйенетін парламенттік форматта өткізіледі.

3.4. Пікірсайыстың негізгі құрамдас бөлшектері:

- Барлық командаларға бір тақырып;
- Қатысушылардың «жақтаушы» және «қарсы» тараптарға бөлінуі;
- Ұсынылған әдебиеттерден аргументтер, дәйексөздер мен оқиғаларды пайдалануы.

3.5. Сөз сөйлеу регламенті:

- Позициясы әр ойын алдында жеребе нәтижесінде белгілі болады.

3.6. Өткізу мерзімі мен кесте:

- Тіркелу: 2025 жылғы 20 қыркүйекке дейін.
- Университетшілік кезеңі: 2026 жылғы 30 наурызға дейін.
- Қалалық кезең: 2026 жылғы 20 сәуірге дейін.

4. Қатысушыларға қойылатын талаптар

4.1. Әр қатысушы байқау комиссиясы бекіткен 15 кітапты оқуға міндетті. Кітаптар университет студенттерінің академиялық деңгейін ескеріле отырып таңдалып алынды.

4.2. Кітаптарды қағаз немесе электронды форматта оқуға болады. Кітаптар қатысушыларға таратылмайды.

5. Марапаттау

5.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

- **Университетшілік кезең:** барлық қатысушыларға дипломдар мен сертификаттар, жеңімпаздарға қаржылай сыйлық (қаржылай сыйлық ЖОО тарапынан анықталады).
- **Қалалық кезең:**
 - 1 орын – 1 000 000 теңге
 - 2 орын – 600 000 теңге
 - 3 орын – 400 000 теңге

5.2. Ақшалай сыйлықтар команда мүшелері арасында тең бөлінеді.

5.3. Сыйлықтар сайыс аяқталған күннен бастап 30 күн ішінде табысталады.

6. Бағалау

6.1. Байқау комиссиясы

Әр кезеңді бағалау үшін арнайы байқау комиссиясы құрылады.

6.2. Апелляция

Апелляция нәтиже жарияланғаннан кейінгі 20 минуттан кешіктірілмей беріледі. Формасы: Комиссия төрағасының атына даулы мәселе бойынша келіспейтін сұрақ/нәтижеге қатысты жазбаша өтінім беріледі. Комиссия шешімі түпкілікті.

7. Тіркелу және өтінім беру

7.1. Қатысу үшін белгіленген үлгідегі өтінімді 2025 жылғы 20 қыркүйекке дейін толтырып, команда кураторы арқылы тапсыру қажет.

8. Ұйымдастырушылардың байланыс құралы

Ұйымдастыру мәселелері бойынша қатысушылар жүгіне алады:

- Университетшілік кезең бойынша: ЖОО-дағы үйлестіруші (байланыс құралдары ЖОО-ның әкімшілігімен ұсынылады).
- қалалық кезеңдер бойынша: Ішкі саясат және Жастар істері жөніндегі басқармасына.

Қосымша 1. Өтінім үлгісі

«Кітап оқитын университет» студенттік пікірсайыс ойындарына қатысуға өтінім

1. Университет атауы: _____
2. Команданың атауы: _____
3. Команда құрамы (аты-жөні, курсы, тобы):
 - _____
 - _____
4. Команда кураторының аты-жөні: _____ а
5. Байланыс телефоны: _____
6. Электронды пошта: _____
7. Қай лиганы таңдайсыз?
 - ☐ Қазақ лигасы
 - ☐ Орыс лигасы
8. Аты-жөні және қолы: _____.
9. Куратордың қолы: _____
10. Өтінім тапсырылған күні: «__» _____ 2025 ж.
11. Университет өкілі / жауапты тұлғаның қолы:
 - Аты-жөні: _____
 - Қызметі: _____
 - Қолы: _____